



Ақмешіт

11 тамыз
сейсенбі
№60 (2272)
2026 жыл

апталығы

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» АКЦИЯСЫ: ҚОҒАМДЫҚ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА НЕГІЗ ҚАЛАНДЫ

«Адамзаттың табиғатсыз күні бар ма, оны айтар табиғаттың тілі бар ма?» деген тәмсілдің бүгінде маңызы артты. Табиғат ананың баурайында жүріп кейде оның сұлулығын бағаламай, жасыл әлемнің пайдасын ескермей, қоршаған ортаны лаптап, айналаның көркін бұзып жатқандар қаншама.

Қазіргі уақытта экология жағдайы бүкіл әлемде алаңдаушылық туғызуда. Қалдықтың, пластиктің көптеп жиналуы, орман алқабының қысқаруы, судың ластануы, ауаға шығарылатын зиянды қалдықтар – осының бәрі қоршаған ортаны лаптап, климаттың өзгеруіне әкелуде. Мысалы, кейінгі жылдары климаттың жылынуы мен табиғи апаттардың жиілеуі ғаламдық деңгейде байқалып отыр. Орман алқаптарының азаюы, жер бетінде өсімдіктер мен жануарлар түрлері жойылып кетуі қауіп де жоқ емес. Бұдан бөлек, атмосфераға шығарылатын көмірқышқыл



газ да климаттың жылынуына себеп болып отыр. Бұл экологиялық қиындықтың шешімі – қоршаған ортаның таза ұстау, жасыл желекті көбейту, табиғи ресурстарды ұқыпты пайдалану және қоғамның экологиялық санасын қалыптастыру. Осы мақсатта Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Таза Қазақстан» жалпұлттық бағдарламасы еліміздің барлық өңірінде кең қолдау тауып, қоршаған ортаны қорғауға бағытталған жаңа қоғамдық мәдениетті қалыптастыруға жол ашты. Бүгінде бұл бастама қарапайым сенбіліктер аясынан асып, мемлекеттік мекемелерді, коммуналдық қызметтерді, жастар ұйымдарын, еріктілерді, қоғамдық бірлестіктерді және тұрғындарды біріктіретін ауқымды экологиялық қозғалысқа айналып отыр. Оның жарқын үлгісі ретінде Қызылорда қаласында жүзеге асырылып жатқан жұмыстарды атауға болады.

2-БЕТТЕ



Әділжан РАХЫМЖАНҰЛЫ,
«Отбасы банк» АҚ Қызылорда
филиалының басшысы:

БАСПАНАҒА ҚОЛ ЖЕТКІЗУ ҮШІН НЕСИЕ АЛУДЫ ЕМЕС, АҚША ЖИНАУДЫ ОЙЛАҢЫЗ

– «Отбасы банк» бүгінде ұлттық даму институтына айналды. Бұл мәртебе банк қандай өзгеріс әкелді? Сонымен қатар баспана кезегінде тұрғандар мен салымшылар үшін қаншалықты тиімді?

– 2025 жылғы 24 мамырда «Отбасы банк» ұлттық даму институты мәртебесін алды. Осылайша, банк мемлекеттің ең маңызды әлеуметтік міндеттерінің бірін – тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды есепке алу, кезекке қоюды және пәтерлерді бөлуі өз мойнына алды. Осы уақыт ішінде банк еліміз бойынша шашыраңқы болған тізімдерді біріктіріп, оларға инвентаризация жүргізді. Сонымен қатар баспананы ашық, әділ және автоматты түрде бөлуге мүмкіндік беретін «Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы» атты жаңа ақпараттық жүйені іске қосты.

2025 жылдың қазан айынан бастап «Отбасы банк» тұрғын үйді белсенді түрде бөле бастады. Нәтижесінде, 2025 жылдың қазаны мен 2026 жылдың маусымы аралығында 22856 қазақстандық отбасы баспаналы болды. Олардың барлығы жалға берілетін пәтерлерге не болды немесе 2% және 5% мөлшерлеменен жеңілдікті несиелік тұрғын үй сатып алу мүмкіндігін алды.

Процестерді автоматтандыру мен цифрландырудың арқасында «Отбасы банк» тұрғын үйді бөлу көрсеткішін үш есеге арттырды. Деректердегі қайталанулар мен қателіктерді жоюға, адам факторын және мұқтаждар тізімін қолмен басқаруды барынша азайтуға дәл осы цифрландыру мен бірегей процестерді енгізу көмектесті.

Тұрғын үйді бөлудің негізгі критерийлері – кезекке тұрған күн, табыс деңгейі және халықтың әлеуметтік осал топтарына (ХӨТ) тиесілігі. Заң бойынша, тұрғын үйдің жалпы көлемінің кемінде 70%-ы бірінші кезекте құқығы бар азаматтарға беріледі. Олардың қатарына мыналар жатады:

- Екінші дүниежүзілік соғыс ардагерлері және жеңілдіктері бойынша соларға теңестірілген тұлғалар;
- Басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері;
- Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар (бұл санат үшін заңнамалық деңгейде бөлінетін тұрғын үйдің 20% көлемінде квота белгіленген);
- Көпбалалы отбасылар;
- Ерекше қажеттіліктері бар (мүмкіндігі шектеулі) балаларды тәрбиелеп отырған отбасылар;
- I және II топтағы мүгедектігі бар тұлғалар;
- Жесір әйел және ер.

Қалған бөлігі (30%-ға дейін) тұрғын үйге мұқтаж деп танылған, бірақ жеңілдікті топтарға жатпайтын басқа санаттағы азаматтар арасында бөлінеді.

– Тұрғын үй кезегінің бірінші базасы жергілікті әкімдіктерден банкке берілгені белгілі. Ашықтық пен жариялылықты қамтамасыз ету үшін қандай қадамдар жасалуда? «Менің кезегім жылжымай қалды» деп күмәнданатын тұрғындар бар ма?

– 2025 жылғы 24 мамырдан бастап тұрғын үй кезегі орталықтандырылған жүйе бойынша жүргізіліп келеді. Бұған дейін кезекте тұрғандардың есебін әкімдіктер жүргізетін. Оларда жетім балалардан бастап әскери қызметшілерге дейінгі санаттар бойынша бірнеше бөлек тізім болды.

«Отбасы банк» бұл шашыраңқы тізімдерді біріктіріп, «Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы» атты бірінші ақпараттық жүйеге енгізді. Бұл келесідей нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік берді:

- Деректердегі қайталанулар мен қателіктер жойылды;
- Меншігінде баспананың бар-жоғын автоматты түрде тексеру іске қосылды;
- Адам факторы мен кезекті қолмен басқару мүмкіндігі барынша азайтылды.

Кезекте тұрғандардың тізімі «Отбасы банкке» өткеннен кейін, кезекті инвентаризациялау, яғни кезектегі азаматтар туралы мәліметтерді тексеру және нақтылау процедурасы басталды. Бұл процесс азаматтың өзекті мәртебесін, отбасы құрамын, санатын және оның атында тұрғын үйдің бар-жоғын көрсетеді. Бүгінгі таңда тұрғын үйге мұқтаж ретінде есепте тұрған азаматтардың шамамен 70%-ы инвентаризациядан өтті. Нәтижесінде 75 мыңнан астам адамға есепке тұрған бас тартылды. Бас тартудың ең жиі кездесетін себептері:

- Кезекте тұрған азаматтың немесе оның отбасы мүшелерінің атында жылжымайтын мүліктің болуы;
- Отбасы мүшелерінің бірінші тұрғын үй кезегінде бұрыннан тұруы.

Есепте тұрған азаматтардың тізімі ай сайын банктің ресми сайтында жарияланып тұрады. Әрбір адам тізімнен өзін көре алады, Бұл баспана бөлу процесін барынша ашық етеді.

3-БЕТТЕ

ҚАЛА ТЫНЫСЫ

Қала инфрақұрылымын дамыту мен шет аймақтағы ағайынның тұрмыс сапасын арттыру – бүгінгі күннің басты талабы. Бас шаһарда тұрғындардың қауіпсіздігі мен көлік қозғалысының қолайлылығын арттыру бағытында бірқатар ірі инфрақұрылымдық жоба жүзеге асуда. Осы бағытта «Бәйтерек» тұрғын ауданына қатынасты жақсарту мақсатында жаңа көпір құрылысын қолға алған еді. Қызылжарма каналы арқылы өтетін бұл өткел тұрғындарының көптен күткен қуанышы әрі аймақтың логистикалық әлеуетін арттырады. Бүгінде мұндағы құрылыс жұмыстары аяқталып, ел игілігіне берілу сәті жақындап қалды.

ЖАҢА КӨПІР КЕПТЕЛІСТІ АЗАЙТА МА?

Қызылжарма каналының үстінен бой көтерген жаңа көпірдің ұзындығы 56 метрді құрайды. Инженерлік нысан заманауи талаптарға сай, жоғары сапалы материалдармен тұрғызылуда. Нысанның құрылыс-монтаж жұмыстарын осы саланың қыр-сырын жетік меңгерген, тәжірибелі мердігер мекеме – «Асанас Дар» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жүзеге асыруда.



Қызылжарма каналының жаңа көпірін салу жұмыстары

12 ТАМИЗ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАСТАР КҮНІ

ҒЫЛЫМҒА ҰМТЫЛҒАН БЕКЖАН



Жастар – қоғамның қозғаушы күші, ал ғылым жолын таңдаған жастар ел болашағының берік іргетасы. Солардың бірі – ғылым жолын таңдап, ізденісін туған өңірдің өзекті мәселесімен ұштастырып жүрген Бекжан Ғалымжанұлы. Ол Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің магистранты, «Физика-химиялық талдау әдістері» инженерлік бейіндегі зертханасының инженері.

Жас маманның қазіргі таңда атқарып жүрген жұмысы ғылым мен өндірісті, экология мен инновацияны ұштастырады. Ол университет зертханасында жүзеге асып жатқан бірнеше ғылыми жобаға қатысып, зерттеу жұмыстарын жүргізіп келеді. Ғылыми ізденістерінің негізгі бағыттарының бірі – күріш қауызын қайта өңдеу арқылы одан пайдалы әрі құнды материалдар алу.

4-БЕТТЕ

ЦИФРЛЫҚ ДӘУІРДЕГІ БАЛА ҚАУІПСІЗДІГІ

Қазіргі заманда ойын баласы далада ойнағаннан гөрі үйге үйір. Себебі күні-түні телефон қарап жатқанды тәуір көреді. Соның салдарынан смартфон мен әлеуметтік желіге көп уақыт бөлетін балалардың қатары артып келеді. Цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы жасөспірімдерге жаңа қауіп-қатер төндіріп отыр.

4-БЕТТЕ



«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» АКЦИЯСЫ: ҚОҒАМДЫҚ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА НЕГІЗ ҚАЛАНДЫ



ЖАҢАШЫЛ БАСТАМА

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясына қатысып, экобелсенділермен бірге ел-орданың «Самал» саябағына ағаш отырғызуының өзі мемлекет басшысының бұл жай науқандық шара емес, елдің ертені үшін маңызды акция екенін айғақтайды. Президент бастамасымен қолға алынған іс-шара аясында бас шаһардағы Президент саябағында ардагерлер мен зиялы қауым өкілдері, құқық қорғау органдарының басшылары, облыстық және қалалық мәслихат депутаттары, облыстық басқарма, департамент, инспекция басшылары мен қызметкерлері, еріктілер, экобелсенділер, жастар ұйымдары және студенттер тал отырғызды. Акцияға аймақтың аудандарынан, елді мекендерінен 25000-нан астам адам атсалысып, 12 мыңнан астам тал егілді, 325,7 гектар аула тазартылып, 320 тоннадан астам қоқыс шығарылды, 250-ден астам техника жұмылдырылды. Өңірде «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында тұрғындардың өмір сүруіне қолайлы жағдай жасау бағытында жүйелі түрде кешенді жұмыстар жүргізілуде. Кәсіпкерлердің демеушілігімен орталық алаңдар, демалыс орындары, ойын, спорт алаңдары қайта жаңғыртылып, тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандар заманауи үлгіде жөндеуден өткізілуде.

Қаладағы орталық алаң, қалалық мәдени-демалыс паркі, Қорқыт ата мемориалды аллеясы жаңғыртылса, Президент саябағы қайта салынды. Онда заманауи субұрқастар, амфитеатр, спорт, ойын, би, шахмат, баскетбол, футбол алаңдары, биіктігі 50 метрлік айналымалы шолу дөңгелегі, велосипед және жүгіру жолақтары, санитарлық пункттер орнатылған. Жалпы 31 гектарға 2 мыңнан астам ағаш, 50 мыңнан астам сәндік бұта және 17 түрлі көпжылдық гүл егілді.

Қазіргі таңда Президент саябағы аумағында 10 млрд теңгеге жылдың төрт мезгілінде үздіксіз жұмыс істейтін 300 орындық заманауи балалар тынығу лагері, 5 млрд теңгеге Ботаникалық білім беру орталығы салынды. Сырдария өзені үстінен Президент саябағын қаламен байланыстыратын жаяу жүргіншілер көпірінің құрылысы басталмақ. Бұл жұмыстар барлық ауданда жалғасын тауып, жаңа демалыс орындары, аллеялар айналаның сәнін кіргізіп, көшелер абаттанып, жарықтандырылуда.

Ауылдарда қолайлы орта қалыптастыру, тұрғындарды тазалық шараларына ынталандыру мақсатында жыл сайын «Үлгілі елді мекен» конкурсы өткізілуде. Соңғы үш жылда үздік елді мекендерге 67 арнайы техника табысталды. Тұрмыстық қатты қалдықтарды тиімді басқару, оларды сұрыптау, өңдеу және кәдеге жарату бағытында «Жасыл даму» АҚ қаржыландыруымен 9 жоба қолға алынды.

ТАЗА АУЛА

Сонымен қатар «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында «Таза аула» экологиялық акциясы өтті. Акция игілігімен барлық елді мекендердегі 147 аула тазартылды. Акцияға 12 266 адам қатысып, 100 тоннадан астам қоқыс шығарылды.

Басы 1-бетте

Дауыс беру учаскесін қалай табуға болады?

2026 жылғы 23 тамызда өтетін Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлауда дауыс беру үшін Қазақстан Республикасының азаматтары өз учаскесін келесі тәсілдер бойынша таба алады:

1. Жеке сәйкестендіру нөмірін (ЖСН) енгізу арқылы онлайн-сервистердің көмегімен;



www.gov.kz/sailau



sailau.gov.kz



sailau2026.gov.kz

2. Тұрғылықты жері бойынша тиісті елді мекен әкімдігінің Call-орталығына хабарласу арқылы. Call-орталықтардың нөмірлері әкімдіктердің интернет ресурстарында көлжегімді;
3. Сайлаушыға арналған дербес шақыруда орналастырылған QR-кодты пайдалану арқылы.

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы

«ЖАСЫЛ ЕЛДІКТЕР» ТАЗАЛЫҚҚА АТСАЛЫСТЫ

Өткен аптада облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында Қорқыт ата аллеясында сенбілік өткізіп жатқан «Жасыл ел» еңбек жасағының сарбаздарымен кездесті. Аймақ басшысы табиғатты қорғау, қоршаған ортаны таза ұстау өркениетті қоғамның басты құндылығы екенін атап өтті.

– Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлының бастамасымен жүзеге асырылып жатқан «Таза Қазақстан» жалпұлттық экологиялық акциясы аясында өңірімізде ауқымды жұмыс атқарылууда.

Шілде айының басында күшіне енген халықтық Конституцияда табиғатты қорғау, қоршаған ортаға ұқыпты қарау қағидаты алғаш рет заң деңгейінде бекітілді. Ендігі жерде қоршаған ортаға жанашырлық таныту – әрбір азаматтың конституциялық парызы. Қызылорда қаласындағы орталық алаң, қалалық мәдени-демалыс паркі, Президент саябағы, бүгінгі сенбілік өтіп жатқан Қорқыт ата саябағының жаңаша келбетке енуі – өңіріміздің әлеуметтік инфрақұрылымын жаңғыртуға бағытталған жүйелі саясаттың жемісі. Осындай игі істердің бел ортасында әрдайым «Жасыл ел» еңбек жасағының сарбаздары жүреді. «Жасыл ел» – маусымдық жұмыс емес, жастарды еңбекке баулитын, елжандылыққа тәрбиелейтін,

қоғамдық жауапкершілікті қалыптастыратын үлкен азаматтық мектеп. Бұл жоба арқылы мыңдаған жас алғашқы еңбек тәжірибесін жинақтап, туған жердің дамуына сүбелі үлесін қосып келеді. Биыл жобаға 21 жыл толды. Осы уақыт ішінде «Жасыл ел» өз тиімділігін дәлелдеп, жастар саясатының ең табысты

Айта кетейік, өткен жылы «Жасыл ел» еңбек жасағының қатысуымен 118 саябақ, сквер, аллея және қоғамдық демалыс орындары көгалдандырылып, 12 гектар аумақ тұрмыстық қалдықтар тазартылды. Биыл да 1200-ден астам жас осы игі іске атсалысып, өңірдің тазалығы мен көркеюіне үлесін қосты.



жобаларының біріне айналды. Туған өлкеміздің тазалығы мен көркеюі жолында аянбай еңбек етіп жүрген баршаныңа шынайы ризашылығымды білдіремін!», – деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Сенбілікте аймақ басшысы жастармен экологиялық мәдениетті қалыптастыру жөнінде еркін пікір алмасты.

ЖАСЫЛ ҚАЛА – ЖАН ТЫНЫСЫ

Қалдықтарды сұрыптау мәдениетін қалыптастыру мақсатында облыс көлемінде 10 мыңға жуық контейнер орнатылса, көпқабатты тұрғын үйлер, ірі сауда орындары, әуежай мен теміржол вокзалында шыны, пластик және қағаз қалдығын сұрыптап жинау үшін арнайы экокостар қарастырылған.

Қызылорда қаласындағы 83 ескі көпқабатты тұрғын үйдің қасбеттері заманауи панельдермен жаңартылып, 27 тұрғын үй демеушіліктен жөнделген. Биыл 900 млн теңгеге қосымша 21 тұрғын үйдің қасбеттерін қаптау жоспарланып отыр.

Халық арасында экологиялық мәдениетті қалыптастыру, экологиялық білім беру, ағарту шаралары «Жасыл балабақша», «Жас эколог», «Жасыл мектеп», «Табиғат сәкшылары» жобалары аясында жүзеге асырылып келеді.

Гайһар ҚОЖАХМЕТОВА

2026 жылғы 23 тамызға тағайындалған Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлауды өткізу кезінде дауыс беруді бастау мен аяқтаудың басқа уақытын белгілеу туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 38-бабының 1-тармағына сәйкес учаскелік сайлау комиссияларының дауыс беру уақытын өзгерту туралы ұсыныстарының негізінде Қызылорда қалалық сайлау комиссиясы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 2026 жылғы 23 тамызға тағайындалған Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлауды өткізу кезінде дауыс беруді бастау мен аяқтаудың басқа уақыты белгіленсін:

1) Құмкөл кен орны, Қоныс-Бектас, «Қуат-Амлон-Мұнай» бірлескен кәсіпорнының ауысымдық қыстағында орналасқан №244 сайлау учаскесінде сағат 6-00 сағаттан басталып, сайлау учаскесіндегі тізімге енгізілген азаматтардың бәрі дауыс берсе, кез келген уақытта аяқталуы мүмкін;

2) «Қазігер-Мұнай» бірлескен кәсіпорнының Құмкөл кен орны ауысымдық қыстағында орналасқан №245 сайлау учаскесінде сағат 6-00 сағаттан басталып, сайлау учаскесіндегі тізімге енгізілген азаматтардың бәрі дауыс берсе, кез келген уақытта аяқталуы мүмкін;

3) «Қазігер-Мұнай» бірлескен кәсіпорнының Құмкөл кен орны ауысымдық қыстағында орналасқан №246 сайлау учаскесінде сағат 6-00 сағаттан басталып, сайлау учаскесіндегі тізімге енгізілген азаматтардың бәрі дауыс берсе, кез келген уақытта аяқталуы мүмкін;

4) «ПетроҚазақстан-Құмкөл-Ресурсиз» бірлескен кәсіпорнының Құмкөл кен орны ауысымдық қыстағында орналасқан №247 сайлау учаскесінде сағат 6-00 сағаттан басталып, дауыс беру учаскесіндегі тізімге енгізілген азаматтардың бәрі дауыс берсе, кез келген уақытта аяқталуы мүмкін;

5) «ПетроҚазақстан-Құмкөл-Ресурсиз» бірлескен кәсіпорнының «Құмкөл» кен орны «Арысқұм» ауысымдық қыстағында орналасқан №248 сайлау учаскесінде сағат 6-00 сағаттан басталып, сайлау учаскесіндегі тізімге енгізілген азаматтардың бәрі дауыс берсе, кез келген уақытта аяқталуы мүмкін;

6) Қызылорда қаласы, Қызылжарма ауылдық округі, Р.Батырбаев көшесі №5, «Қазақстан Республикасының Ұлттық Ұланы» №5547 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесінде орналасқан №266 сайлау учаскесінде 6-00 сағаттан басталып, сайлау учаскесіндегі тізімге енгізілген азаматтардың бәрі дауыс берсе, кез келген уақытта аяқталуы мүмкін.

2. Дауыс беруді бастау мен аяқтау уақытының өзгергені туралы сайлаушылардың назарына жеткізілсін.

3. Осы қаулы №244, №245, №246, №247, №248, №266 учаскелік сайлау комиссияларына, Қызылорда облыстық сайлау комиссиясына жіберілсін және Қызылорда қаласы әкімдігінің ресми интернет-ресурсындағы «Сайлау» бөлімінде орналастырылсын.

Төраға
Хатшы
№92/154
07.08.2026 ж.

Г.Баймурзаев
К.Насибеков

2026 жылғы 23 тамызға тағайындалған Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлауды өткізу кезінде дауыс беру кез келген уақытта аяқталуы мүмкін учаскелердің тізбесін бекіту туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 38-бабының 3-тармағына сәйкес учаскелік сайлау комиссияларының ұсынымдарының негізінде Қызылорда қалалық сайлау комиссиясы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 2026 жылғы 23 тамызға тағайындалған Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлауды өткізу кезінде тізімге енгізілген азаматтардың бәрі дауыс берсе, дауыс беру кез келген уақытта аяқталуы мүмкін сайлау учаскелерінің тізбесі бекітілсін:

№ р/н	Сайлау учаскесінің нөмірі	Сайлау учаскесінің орналасқан жері
1	187	Қызылорда қаласы, Берке хан көшесі, № 49А, «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық онкология орталығы» ШЖҚ КМК
2	192	Қызылорда қаласы, Әбуов көшесі №29, «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Көп бейінді қалалық ауруханасы» ШЖҚ КМК
3	197	Қызылорда қаласы, Бегім Ана көшесі №15, «Қызылорда теміржол ауруханасы» ЖШС
4	210	Қызылорда қаласы, Назарбаев даңғылы №72, «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Көп бейінді облыстық ауруханасы» ШЖҚ КМК
5	216	Қызылорда қаласы, Ғ.Мұратбаев көшесі № 60 құрылыс, «Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «№1 Қызылорда арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» КММ
6	220	Қызылорда қаласы, Ғ. Мүсірепов көшесі №75, «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Қызылорда облыстық жұқпалы аурулар ауруханасы» ШЖҚ КМК
7	230	Қызылорда қаласы, Ақжарма ауылдық округі, Баймұрат батыр ауылы, Сарыбай шатқалы № 2 құрылыс, «ҚР денсаулық сақтау министрлігінің «Қазақ республикалық лепрозийі» ММ
8	235	Қызылорда қаласы, Төле би көшесі №136, ҚР ІІМ Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің №68 мекемесі» РММ
9	238	Қызылорда қаласы, Тасбетөгі кенті, Есенов көшесі №19, «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық фтизиопульмонология орталығы» ШЖҚ КМК
10	242	Қызылорда қаласы, Тасбетөгі кенті, Есенов көшесі №19, «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық фтизиопульмонология орталығы» ШЖҚ КМК
11	244	Құмкөл кен орны, Қоныс-Бектас, «Қуат-Амлон-Мұнай» бірлескен кәсіпорнының ауысымдық қыстағы
12	245	«Айдан-Мұнай» бірлескен кәсіпорнының Құмкөл кен орны ауысымдық қыстағы
13	246	«Қазігер-Мұнай» бірлескен кәсіпорнының Құмкөл кен орны ауысымдық қыстағы
14	247	«ПетроҚазақстан-Құмкөл-Ресурсиз» бірлескен кәсіпорнының Құмкөл кен орны ауысымдық қыстағы
15	248	«ПетроҚазақстан-Құмкөл-Ресурсиз» бірлескен кәсіпорнының «Құмкөл» кен орны «Арысқұм» ауысымдық қыстағы
16	266	Қызылорда қаласы, Қызылжарма ауылдық округі, Р.Батырбаев көшесі №5, «Қазақстан Республикасының Ұлттық Ұланы» №5547 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі
17	344	Қызылорда қаласы, Талсуат ауылдық округі, Орынбор көшесі №3, «Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Мүгедектігі бар адамдарға арналған оңалту орталығы» КММ
18	345	Қызылорда қаласы, С.Бейбарыс көшесі №12, «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық перинаталдық орталығы» ШЖҚ КМК
19	351	Қызылорда қаласы, Тасбетөгі кенті, Амангелді көшесі №57, «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Көп бейінді облыстық балалар ауруханасы» ШЖҚ КМК

2. Бұл сайлау учаскелерінде дауыстарды санау дауыс беру аяқталғаннан кейін басталсын.

3. Осы қаулы тиісті учаскелік сайлау комиссияларына, Қызылорда облыстық сайлау комиссиясына жіберілсін және Қызылорда қаласы әкімдігінің ресми интернет-ресурсындағы «Сайлау» бөлімінде орналастырылсын.

Төраға
Хатшы
№92/155

Г.Баймурзаев
К.Насибеков
07.08.2026 ж.

Тұрғын үйді бөлудің ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында «Отбасы банктің» әлеуметтік желілерде парақшалары бар.

Банктің Instagram-дағы @orken_otbasybank.kz және Telegram-дағы @orken_otbasybank.kz - ресми парақшалары тұрғын үйді бөлу туралы жедел ақпарат көзіне айналды. Бұл парақшаларда өңірлердегі өзекті жаңалықтар жарияланып, бағдарламаларға қатысу шарттары түсіндіріледі, сондай-ақ азаматтардың сұрақтарына жауап беретін тікелей эфирлер өткізіліп тұрады.

Әлеуметтік желілердегі парақшаларда ақпаратты қарапайым және түсінікті тілде жеткізу – басты назарда. Әрбір оқырман бағдарлама шарттарын, баспана алу тәртібін және баска да өзекті мәселелерді оңай түсінуі үшін контент күрделі терминдерсіз, аудиторияның сұранысын ескере отырып, нөлден бастап жасалды. Бұл тәсіл өте тиімді болды: күн сайын парақшаларға ресми дереккөзден ақпарат алуға мүдделі 1200-ге жуық жаңа оқырман қосылады.

Бұл азаматтармен байланысты неғұрлым мақсатты және жедел етуге мүмкіндік берді. Енді олар тұрғын үй бағдарламаларының жүзеге асырылу барысы, қатысу шарттары және баспана бөлу нәтижелері туралы мәліметтерді уақытылы ресми дереккөзден ала алады. Банктің әлеуметтік желілердегі парақшаларына жарияланған жаңалықтарды 122 мың оқырман бақылап отыр.

– **Бүгінде ипотекалық бағдарламаларды екінші деңгейлік банктер де беруде. Бұл «Отбасы банкіне» қалай әсер етті? Отбасы банк ипотекалық несие беруде несімен ерекшеленеді?**

– «Отбасы банк» тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесін жүзеге асырып келеді. Бұл жүйе 23 жыл бойы тұрақты жұмыс істеп тұр. Ол Германия үлгісінің (Bausparkasse) мысалында құрылған. Германияда жинақ жүйесі өзінің белсенді дамуын 1920 жылдары бастады. Яғни, бұл жүйенің тарихына 100 жылдан асқан және бұл – азаматтардың баспана мәселесін шешудің негізгі механизмі. Бүгінгі таңда Германияда тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесі аясында 26 миллионнан астам қолданыстағы келісімшарт бар.

Дәл солай, 2000 жылы «Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылыс жинақтары туралы» заң дайындалып, қазақстандық тұрғын үй құрылыс жинақ банкін ашу жоспарланған кезде Германияның табысты тәжірибесі негізге алынды.

«Отбасы банк» жүзеге асыратын тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесінің неміс үлгісі жабық сипатқа ие, яғни салымшылардың қаражаты тек олардың өзіне несие беруге ғана бағытталады. Салымшылар жалпы портфельді қалыптастырып, қаражат жинап жатқанда, басқалары тиімді несиелерге қол жеткізеді. «Отбасы банктің» 23 жылдық жұмысы барысында тұрғын үй несиесі бойынша мөлшерлемелер еш өзгерген жоқ. Депозитке 2% мөлшерлеменен қаражат жинай отырып, банк клиенттері болашақта жылдық 3,5%-дан 5%-ға дейінгі мөлшерлеменен тұрғын үй несиесін алуға әрдайым кепілдік алады. Сондай-ақ «Отбасы банк» салымшыларына мемлекеттік сыйлықақы төлеу де өзгеріссіз қалады. Қазіргі уақытта Қазақстанда тұрғын үй салу мен сатып алуға арналған несиелердің 65%-ын «Отбасы банк» береді. Банктің елдегі ипотекалық портфельдегі үлесі 53%-ды құрайды. Жыл басынан бері біз 47 306 несие бердік.

– **Шынында, халықса ақша жинауды үйреткен «Отбасы банк» талаптарын десек артық айтқандық емес. Бүгінде банктің құрылғанына 20 жылдан асты. Осы уақыт ішінде салымшылар қаншалықты өсті? Негізінен қай жастағылар ақша жинауға ынталы?**

– Біздің миссиямыз былай жазылған: «Отбасыларды меншікті баспанамен қамтамасыз ете отырып және ұзақ мерзімді әл-ауқатын арттыра отырып, Отан сезімін нығайтамыз».

«Отбасы банк» 23 жыл бойы тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесін жүзеге асырып келеді. Бұл жүйе қазақстандықтарға тиімді шарттармен өз баспанасын сатып алуға көмектеседі.

Осы уақыт ішінде банк 679644 қазақстандықтың қоныс тобын тойлауына септігін тигізді. Егер бұл көрсеткішті отбасы құрамының орташа коэффициентіне (4 адам) көбейтсек, онда банктің қолдауының арқасында 2,7 миллион адам өз пәтері мен үйінде тұрып жатыр. 2026 жылдың бірінші жартыжылдығында «Отбасы банкте» 485252 қазақстандық жаңа депозит ашты. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 21,9%-ға көп. Жаңа салымшылар санының артуы тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесіндегі жинақтар болашақта нарықтағы ең тиімді мөлшерлемелердің бірімен – жылдық 3,5%-дан (ЖТСМ 3,6%-дан 4,4%-ға дейін) 8,5%-ға дейін (ЖТСМ 9%-дан 9,6%-ға дейін) ипотека алуға мүмкіндік беретіндігімен түсіндіреді.

«Отбасы банктің» халықтың ұзақ мерзімді салымдарындағы үлесі 39%-ды құрайды. Бүгінгі таңда клиенттердің жинақ шоттарында 3,3 триллион теңге жинақталған. Бұл қазақстандықтардың баспананы тек маңызды өмірлік мақсат ретінде ғана қарастырып қоймай, оған жинақтау арқылы жоспарлы түрде жетуге дайын екендігін көрсетеді. Жоғары сұраныс несиелендіру көлемімен де дәлелденеді. Күн сайын «Отбасы банктің» арқасында 320-ға жуық қазақстандық тұрғын үй несиесін алып, қоныс той тойлайды. 2026 жылдың бірінші жартыжылдығында банк 38,1 мың несие берді, ал өткен жылдың сәйкес кезеңінде бұл көрсеткіш 34 мың болған еді. Несие беру көлемінің өсуі отбасылардың жинақтау кезеңінен өз баспанасын сатып алу кезеңіне өтіп жатқанын көрсетеді. Банк өнімдерін ешқандай ерекшеліксіз барлық азаматтар пайдалана алады. Олар: жас отбасылар, қоппалалы ата-аналар, бюджеттік сала қызметкерлері, өңір тұрғындары. Өз үйіне ақша жинауға дайын кез келген қазақстандық баспана мәселесін шеше алады.

Біз жастарға ерекше көңіл бөлеміз, оларды қолдаймыз. Соның ішінде «Наурыз» бағдарламасы арқылы да көмек көрсетілуде. Осы бағдарлама бойынша тиімді несиелерді негізінен жас азаматтар алды. Бағдарлама жүзеге асырылған бүкіл кезең ішінде 20302 несие берілді. Оның 61%-ын немесе 12450 несиені 35 жасқа дейінгі қазақстандықтар алды.

Бұл ретте көмек тек белгілі бір тұрғын үй бағдарламаларымен ғана шектелмейді. Тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесі қазақстандықтарға баспаналы болуға мүмкіндік береді. Жинақтардың арқасында салымшылар нарықтағы ең тиімді мөлшерлемелер бойынша несие ала алады.

Қазіргі уақытта банкте 4 миллион депозит ашылған, оның ішінде 1,5 миллион депозитті 18 бен 35 жас аралығындағы жас қазақстандық ашқан. «Отбасы банктің» көмегімен 283 357 жас қазақстандық өз баспанасын сатып алып үлгерді.

– **Отбасы банк арқылы тұрғын үйге қол жеткізу қаншалықты оңай немесе қиын?**

– Мақсатқа қарай жүйелі түрде ұмтылып, тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесінің шарттарын орындаған жағдайда, «Отбасы банк» арқылы баспана сатып алу өте тиімді.

Жүйенің мәні өте қарапайым: ең алдымен адам депозитке қаражат жинайды, содан кейін жылдық 3,5%-дан (ЖТСМ 3,6%-дан 4,4%-ға дейін) 8,5%-ға дейін (ЖТСМ 9%-дан 9,6%-ға дейін) өте төмен әрі тиімді мөлшерлеменен несие алу мүмкіндігіне ие болады. Салымшы ақшаны неғұрлым ұзақ әрі белсенді жинаса, несиелендіру шарттары да соғұрлым тиімді болады. Бүгінгі таңда 4 миллионнан астам қазақстандық өз жинақтарын «Отбасы банкке» сеніп тапсырды. Күн сайын 320-ға жуық отбасы тиімді тұрғын үй

несиесін алып, қоныс тойын тойлайды. Бұл жүйенің нақты жұмыс істейтінін және мыңдаған адамға баспана мәселесін жоспарлы түрде шешуге көмектесетінін дәлелдейді. Ең бастысы, жинақтауды бастау, депозитті тұрақты түрде толықтырып отыру және өзінің қаржылық міндеттемелеріне жауапкершілікпен қарау.

Ең бірінші кезекте депозит ашып, қаражат жинауды бастау керек. Банк сыйақысы мен мемлекеттік сыйлықақыны есепке алғанда, депозит бойынша ЖТСМ жылдық 14%-ға дейін жетеді.

Көпшілігі баспана сатып алу үшін бірден үлкен сома керек деп ойлайды. Шын мәнінде, баспана алуға әрекет тұрақты жинаудан басталады. Тіпті ай сайынғы шағын жарналардың өзі бастапқы жарнаны қалыптастыруға, мемлекеттік сыйлықақы алуға және болашақта барынша тиімді несиеге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесі дәл осы орташа табысы бар адамдар үшін жасалған. Ол депозитте қаражатты біртіндеп жинақтауға, содан кейін несие алуға мүмкіндік береді.

Біз қарапайым ережеден бастауды ұсынамыз: депозит ашып, оған ай сайын өзіңізге ыңғайлы соманы салып отыру қажет. Бұл 20, 30 немесе 50 мың теңге бола ма, ол жағы маңызды емес. Ең бастысы, тұрақты түрде ақша жинау әдетін қалыптастыру. Тәжірибе көрсеткендей, бүгінде қоныс тойын тойлап жатқан көптеген қазақстандық дәл осындай шағын депозиттен және тұрақты жинақтардан бастаған. Сондықтан өз баспананыңа жасалатын алғашқы қадам несие алу емес, дәл бүгіннен бастап ақша жинауды қолға алу туралы шешім қабылдау.

– **Отбасы банктен ақша жинамай-ақ ипотекалық бағдарламалармен үй алуға бола ма?**

– «Отбасы банктегі» депозиттегі жинақ – бұл негізгі қор.

Жинақтар отбасылық бюджетке ұнап салмақ түсірмей, тиімді несие алуға мүмкіндік беретін бастапқы жарнаны қалыптастырады. Сонымен қатар «Отбасы банкте» жинағыңыз әлі аз болса немесе мүлдем болмаса да, баспаналы болсам

Әділжан РАХЫМЖАНҰЛЫ,
«Отбасы банк» АҚ Қызылорда филиалының басшысы:

БАСПАНАҒА ҚОЛ ЖЕТКІЗУ ҮШІН НЕСИЕ АЛУДЫ ЕМЕС, АҚША ЖИНАУДЫ ОЙЛАҢЫЗ



деген арманыңызға жетуге жақындататын бағдарламалар бар. «Дипломмен ауылға» бағдарламасы. Мұнда жинақтың болуы мүлдем талап етілмейді. Несие бойынша мөлшерлемесі – небірлі 1%. Несиенің ең жоғары сомасы 2500 АЕК-ке дейін. Бұл бағдарлама дипломы бар және ауылда сұранысқа ие салаларда жұмыс істегісі келетіндерге арналған. Олар: білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, агро-өнеркәсіптік кешен, мәдениет, спорт, сондай-ақ ауылдық округ әкімдері аппараттарындағы мемлекеттік қызмет (әкімдер мен олардың орынбасарларын қоспағанда).

Қажетті мамандардың тізімін жыл сайын жергілікті әкімдіктер қалыптастырады. Сондықтан қатысушылар тізіміне ену үшін әкімдікке өздігімен өтініш білдіруі керек. Содан кейін өтініш Baspara Market (otbasybank.kz) порталында беріледі және несие алу процесі онлайн форматта өтеді.

«Наурыз» бағдарламасы болашақ баспанасына ақша жинай бастағандарға тиімді. Осы бағдарламаның қатысушысы болу үшін екі негізгі критерийге сай болу керек:

- Өтініш берушінің және оның отбасы мүшелерінің соңғы 5 жыл ішінде меншік құқығында баспанасы болмауы тиіс;
- «Отбасы банктегі» депозитте 2 миллион теңге қаржы болуы шарт.

Егер қазақстандық бағдарламаға қатысушылар тізіміне енесе, несие алу үшін оған таза, әрленген және тұрғын үй сатып алуға 10% көлемінде ең төменгі бастапқы жарнасының болуы жеткілікті. Егер пәтер бастапқы әрленбеген күйде сатып алынса, онда бастапқы жарна 20%-ды құрайды.

Несие мөлшерлемесі – жылдық 9% (ЖТСМ 9,4%-дан 13%-ға дейін). Сонымен қатар несие сомасына пәтерді жөндеуге жұмсалатын шығындарды да қосуға болады.

«Отбасы банкте» 10 жылдан бері өңірлік жастар бағдарламалары жұмыс істеп келеді. Мұнда белгілі бір мамандықтарға: дәрігерлерге, мұғалімдерге, мәдениет, спорт, халықты әлеуметтік қорғау саласының қызметкерлеріне, журналистерге, полициялар мен құтқарушыларға басымдық беріледі.

Бастапқы жарна 10%-ды, несие мөлшерлемесі жылдық 5%-ды құрайды (ЖТСМ 5,2%-дан 5,7%-ға дейін). Бағдарламаға қатысу үшін «Отбасы банк» депозитіне ақша жинап, бағдарламалардың басталар уақытын бақылап отыру қажет.

– **Тұрғын үйге қол жеткізуде депозит мерзімі маңызды ма, әлде жинаған қаражат көлемі бірінші орында ма? Бағалау көрсеткіші жақсы болса, үй алу оңай деп жатады салымшылар. Оқырманға осыны түсіндіріңізші...**

– «Отбасы банк» жүзеге асыратын тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесі азаматтарға қаржысын барынша үнемдеуге көмектеседі. Бұл жүйе ел тұрғындарына жылдық 3,5%-дан (ЖТСМ 3,6%-дан 4,4%-ға дейін) 8,5%-ға дейін (ЖТСМ 9%-дан 9,6%-ға дейін) төмен мөлшерлеменен несие алуға мүмкіндік береді. Бұл ретте әулетті қарыз алушы несие мөлшерлемесін өз жинағының көмегімен өзі реттей алады.

Бүгінгі таңда ипотека бойынша ең тиімді мөлшерлемелер және оны әрбір азамат пайдалана алады. Оның атында баспананың бар-жоғы маңызды емес. Тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесінің көмегімен тиімді шарттармен алғашқы пәтерді сатып алуға, тұрғын үй жағдайын кеңейтуге, екінші немесе үшінші баспананы сатып алуға болады. Сондай-ақ жер телімін сатып алып, оған үй салуға да мүмкіндік бар.

«Отбасы банк» беретін ең тиімді несие тұрғын үй несиесі деп аталады. Ондағы мөлшерлемесі жылдық 3,5%-дан (ЖТСМ 3,6%-дан 4,4%-ға дейін) 5%-ға дейін (ЖТСМ 5,1%-дан 6,9%-ға дейін) құрайды.

Оны алу үшін тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесінің бірқатар шарттарын орындау қажет (бұл шарттар Тұрғын үй құрылыс жинақтары туралы заңда бекітілген):

1. «Отбасы банкте» депозит ашу қажет.
2. Депозитте тұрғын үй құнының 50%-ын жоспарлы түрде жинау керек. Мысалы, егер сатып алынатын жылжымайтын мүлік 20 миллион теңге тұрса, банк салымшысы кемінде 10 миллион теңге жинақтау қажет.

3. Жинақтау мерзімі – кем дегенде үш жыл, бірақ одан да ұзақ жинауға болады. Әдетте, тәжірибе көрсеткендей, «Отбасы банк» салымшылары тұрғын үй несиесін алу үшін орташа есеппен 6 жыл ақша жинайды. Депозитте қаражат жинақталып жатқан уақытта, банк оларға жылдық 2% көлемінде сыйақы есептейді және 200 АЕК-тен (2026 жылы 865000 теңге) аспайтын сомаға 20% көлемінде мемлекеттік сыйлықақы беріледі. Осылайша, 2026 жылдың қорытындысы бойынша ең жоғары мемлекеттік сыйлықақы 173000 теңгені құрауы мүмкін.

4. Бағалау көрсеткішінің (БК) 16 мәніне жету. Бұл – өзіндік қаржылық тәртіп коэффициенті. Бұған қол жеткізу үшін ай сайын тұрақты түрде жарна құйып тұру қажет.

Банкнеліктен бағалау көрсеткішіне (БК) баспазараударалы? Себебі жинақ ақша – тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесінің негізі. Банктің жинақтау үшін қаржылық тәртіп керек. Дәл осы тәртіпті бақылау үшін бағалау көрсеткіші (БК) енгізілген. Сонымен қатар БК мәні несие бойынша мөлшерлемеге тікелей әсер етеді. Мысалы, егер бағалау көрсеткіші 16-ға тең болса, клиент жылдық 5% мөлшерлеменен 6 жылға дейінгі мерзімге ипотекалық несие ала алады. Ал егер БК 20-ға тең болса, мөлшерлемесі 0,2%-ға төмендеп, жылдық 4,8%-ды құрайды, бұл ретте несие мерзімі 7 жылға дейін ұзартылады. Несие бойынша ең төменгі жылдық 3,5% мөлшерлемесі бағалау көрсеткіші 48-ге жеткенде алуға болады (бұл, мысалы, депозиттің балансы атына ашып, ол көмелетке толғанға дейін біртіндеп жинаған кезде мүмкін болады). Яғни, БК неғұрлым жоғары болса, несие мөлшерлемесі соғұрлым төмен болады.

БК банк салымшысының жинағына есептейтін сыйақы көлемімен тікелей байланысты. Салымшы өз депозитін неғұрлым жиі әрі көп мөлшерде толықтырып отырса, оның жинағына соғұрлым көп сыйақы есептеледі және БК-де тезірек

өседі. Депозитті үлкен сомалармен белсенді түрде толықтыру БК-нің жылдам өсуіне ықпал етеді. Сондай-ақ БК-нің өсуіне қаражаттың депозитте жату уақытығы да әсер етеді. Сыйақы жинақталған ақшаға күн сайын есептеледі, сәйкесінше сыйақының жалпы сомасы да, БК де күн сайын өсіп отырады.

Жылдық 5% мөлшерлеменен тұрғын үй замын алуға мүмкіндік беретін ең төменгі 16 бағалау көрсеткішіне жету үшін үш жыл бойы ай сайын банктің ұсынған айлық жарнасы көлемінде салымын толықтырып отыру қажет. Депозитке ай сайын салынуы керек сома былай есептеледі: депозит мерзімі 3 жылға толғанда клиент ең төменгі БК 16 мәніне жетіп, тұрғын үй құнының 50%-ын жинақтайды және тиімді мөлшерлеменен несие ала алады.

Жалпы алғанда, депозиттің ең ұзақ қолданылу мерзімі шектелмеген, қажетті 50%-ды жинақтау үшін қанша уақыт керек болса, сонша уақыт бойы ақша жинай беруге болады.

Тұрғын үй замы	Мөлшерлемесі (ЖТС)	Ипотека мерзімі	Бағасы 25 млн: ай сайынғы төлем, артық төлем, тг	Бағасы 35 млн: ай сайынғы төлем, артық төлем, тг
Депозитте пәтер құнының 50% жинақталды, БК 16	5%	6 жыл	Ай сайынғы төлем – 201 312 тг., Артық төлем – 2 млн	Ай сайынғы төлем – 281 836 тг., Артық төлем – 2,8 млн

Егер салымшы қажетті 50% бастапқы жарнаны бірден құйса және үш жыл бойы ақша жинағысы келмесе, ол ипотекалық несиені әлдеқайда тезірек, жарты жылдың ішінде ала алады. Бұл жағдайда несие алу мерзімі бағалау көрсеткішіне (БК) де байланысты болады. Аралық заем үшін БК-нің ең төменгі мәні 5-ке тең болуы керек. Бұл көрсеткішке депозитті тұрғын үй құнының 50%-ы көлемінде толықтырған сәттен бастап кемінде 6 ай өткенде қол жеткізуге болады.

Аралық заем бойынша мөлшерлемесі жылдық 8,5%-ды (ЖТСМ 9%-дан 9,6%-ға дейін) құрайды. Бұл ретте аталған мөлшерлемесі банк қарыз алушыға 100% көлемінде беретін заем сомасына есептеледі. Ал оның енгізген 50% жарнасы депозит мерзімі 3 жылға толғанға дейін шотта тұрады. Тек осы мерзім өткеннен кейін 50% жинақ заемды өтеуге бағытталады, ал несие мөлшерлемесі жылдық 3,5% (ЖТСМ 3,6%-дан 4,4%-ға дейін) – 5%-ға (ЖТСМ 5,1%-дан 6,9%-ға дейін) дейін төмендейді. Сондықтан бұл несие «аралық заем» деп аталады, ол клиентке депозит қажетті мерзімге дейін «жетілгенше» аралық уақытта беріледі.

Банк тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесін жүзеге асырады. Ал жүйеде салымшылардың қаражаты кем дегенде үш жыл бойы жүйеде болуы және оған жұмыс істеуі керек деген ереже бар. Бұл талап «Тұрғын үй құрылыс жинақтары туралы» заңда жазылған. Осы уақыт ішінде банк басқа азаматтарға тиімді шарттармен баспаналы болуға көмектеседі.

Бағалау көрсеткішінің (БК) өсуін жеделдетудің, яғни тиімді несиені тезірек алудың бірнеше жолы бар:

1. Бастапқы кезеңде мерзімінен бұрын жарна құюға тырысу керек. Егер депозитті тұрғын үй құрылыс жинақ келісімшартында көрсетілген мерзімнен бұрын толықтырып отырсаңыз, БК мәні арта түседі.
2. Депозитті тұрақты түрде толықтыру маңызды! Оны бір айдың ішінде бірнеше рет, қаржылық мүмкіндік туған сайын толықтырып тұруға тырысыңыз, айына бір рет қана толықтырумен шектелмеңіз.
3. Төлемдер төмендеу ретімен есептелгенде жоғары БК мәніне қол жеткізуге болады: яғни жинақтау кезеңінің басында көбірек жарна құйып, кейінгі жылдары азырақ сома салу қажет.
4. Ақша қалдығын дөңгелектеу ұстанымын қолданыңыз. Мысалы, қартаңызда 153500 теңге бар делік. Осы соманы

150000 теңгеге дейін дөңгелектеп, 3500 теңгені депозитке бағыттаныз және мұны тұрақты түрде жасап отырыңыз. Мұндай шағын сомалар қалтаңызға салмақ салмайды, бірақ депозитіңіз үшін өте пайдалы болады. Дәл осындай тәсілді депозиттің өзіне де қолдануға болады. Мысалы, депозитіңіздегі жинақ 1585000 теңге болса, бұл соманы 1600000 теңгеге дейін дөңгелектеу үшін қосымша 15000 теңге салыңыз. Депозиттегі қомақты сома сіздің ынтаныңызды арттырып, мақсатыңызға тезірек жетуге көмектеседі.

– **Қазір банк қандай бағдарламалар бойынша үй беруде?**

– Бүгінгі таңда «Отбасы банк» арқылы тұрғын үйді тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесі бойынша сатып алуға болады, бұл жүйе әрбір қазақстандыққа бастапқы жарнаны жинақтауға және тиімді мөлшерлемелермен несие алуға мүмкіндік береді. Бұдан бөлек, азаматтардың әртүрлі санаттары үшін арнайы бағдарламалар жұмыс істейді. Кезекте тұрғандар үшін «2-10-20» және «5-10-20» мемлекеттік бағдарламалары, ал жұмыс істейтін азаматтар үшін «Наурыз» бағдарламасы қарастырылған. Сондай-ақ көптеген облыста жас мамандар мен бюджеттік сала қызметкерлеріне арналған өңірлік тұрғын үй бағдарламалары жүзеге асырылуда, сонымен қатар «Дипломмен – ауылға» бағдарламасы да жұмыс істеп тұр.

– **Баспаналы болуды армандап жүрген жас отбасыларға қандай кеңес берер едіңіз?**

– Тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесі дәл осы орташа табысы бар адамдар үшін жасалған. Ол депозитте қаражатты біртіндеп жинақтауға, содан кейін тиімді мөлшерлеменен несие алуға мүмкіндік береді.

Мен әрқашан қарапайым ережеден бастауды ұсынамын: депозит ашып, оған ай сайын өзіңізге ыңғайлы соманы салып отыру қажет. Бұл 20, 30 немесе 50 мың теңге бола ма, ол жағы маңызды емес. Ең бастысы, тұрақты түрде ақша жинау әдетін қалыптастыру. Уақыт өте келе жинақталған қаражат адамның игілігіне жұмыс істей бастайды.

Тәжірибе көрсеткендей, бүгінде қоныс тойын тойлап жатқан көптеген қазақстандық дәл осындай шағын депозиттен

және тұрақты жинақтардан бастаған. Сондықтан баспанаға қол жеткізуге жасалатын алғашқы қадам – несие алу емес, дәл бүгіннен бастап ақша жинауға шешім қабылдау.

– **Салымшылардың ең ұзақ жинақ жинау мерзімі қанша? Ұзақ уақыт ақша жинау қаншалықты тиімді? Инфляция әсер етпей ме?**

– Негізгі «Отбасы банк» депозитінде жинақтаудың орташа мерзімі 3 жылдан 6 жылға дейінгі уақытты құрайды. Бірақ депозиттің ең ұзақ қолданылу мерзімі шектелмеген, қажетті бастапқы жарнаны жинақтау үшін қанша уақыт керек болса, сонша уақыт бойы ақша жинай беруге болады.

Банк сыйақысы мен мемлекеттік сыйлықақыны есепке алғанда, депозит бойынша ЖТСМ (жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі) жылдық 14%-ға дейін жетеді. «Отбасы банкте» мемлекеттік сыйлықақы 200 АЕК-ке дейінгі сомаға 20% көлемінде есептеледі. 2026 жылы 173000 теңге көлеміндегі ең жоғары мемлекеттік сыйлықақыны алу үшін 31 желтоқсанға дейін депозитті 865000 теңге сомасына толықтыру қажет. Осылайша, мемлекет те өз азаматтарына ақша жинауға көмектеседі.

Ең бастысы, жинақты тұрақты түрде жасап отыру. Тіпті ай сайынғы шағын жарналардың өзі бастапқы жарнаны қалыптастыруға, мемлекеттік сыйлықақы алуға және болашақта барынша тиімді несиеге қол жеткізуге септігін тигізеді.

Бүгінгі таңда банкте 4 миллион депозит ашылған. 2026 жылдың басынан бері 563 049 депозит ашылды. Осы уақытқа дейін банк 680 мың несие берді. Тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесіне қатысушы экономикалық белсенді халықтың үлесі 30,9%-ға жетті.

Өткен аптада мемлекет грантының иегерлері анықталып, ҰБТ-дан жоғары балл жинаған түлектердің де нәтижесі белгілі болды. Кеше ғана мектеп қабырғасында жүрген жас түлектердің үміті ақталды.

Қаламыздағы Тәкей Есетов атындағы №264 мектеп-лицейдің түлегі Алтынай Әділқызы Ұлттық бірыңғай тестілеуден 139 балл алып, қала бойынша жоғары нәтиже көрсеткен еді.

Ата-анасының, ұстаздарының да үмітін ақтап, грант иегері атанған Алтынай Төлегенмен әңгімелесудің сәті түсті. Жас түлек бұл жетістікке қалай жеткені, қиындықтарды еңсеру жолы мен алға қойған арманы туралы айтты.

**Алтынай ТӨЛЕГЕН,
Тәкей Есетов атындағы
№264 мектеп-лицейдің
түлегі:**

**МЕН ҚАЛАЙ
ЖОҒАРЫ
БАЛЛ
АЛДЫМ?**



– Шынымды айтсам, 139 баллды көргенде алғашқы секундтарда сенбей, қатты толқып тіпті аяқ-қолым дірілдеп кетті. Осындай балл жинау қолымнан келгеніне қатты таңқалдым. Үздіксіз еңбек, ұйқысыз түндер ақталды. Негізі, географияны менгеру қиын, өйткені ол тек картамен ғана шектелмейді. Оның ішінде тақырыптар өте көп. Кейде бәрін білемін деп жүргенде, өзіме таныс емес тақырыптар көп кездесетін. Алайда сол білмейтін тақырыптарды менгеру маған ұнайтын. Сол тақырыптарды күні-түні оқитынмын, оқып бітпейінше демалмаймын. Осылайша алға жылжып отырдым. Ал математика пәні маған бастауыштан қатты ұнайтын. Сол себепті математика маған қиынға соқпады. Бос уақытымда үнемі есеп шығарып жүргенімнің көп септігі тиді, – дейді Алтынай.

Алтынай жоғары нәтижеге жету үшін әлеуметтік желілерден бас тартқан.

– ҰБТ-ға дайындық кезінде әлеуметтік желілерден бас тарттым. Себебі бірінші уақытынды алады, екіншіден, көңілің бөлінеді. Бұрын TikTok пен Instagram-ды күніне 3-4 сағат көретінмін. ҰБТ-ға дайындық кезінде шаршау мен уайым да болды. Қиын сәттерде өзіме демалыс беріп, жакындарыммен сөйлесіп, ең бастысы, алға қойған мақсатымды еске түсіремін. Менде үнемі күйзеліс, уайым бәрі қабаттасатын. Бірақ жақын адамыма айтып, жеңілдеп қалатынмын. Шаршасам да, ата-анамның үмітін ақтауым керек деп, дайындығымды жалғастыра бердім, – дейді жас түлек.

«Өзіңе сен, өзінді алып шығар...»

Алтынай жоғары нәтижеге қалай жеткенін айтты. Дайындықты аз-аздан болса да үзбеу, өзіне сену және артық уайымға салынбау маңызды.

– Дайындыққа күніне 20 минут бөлудің өзі үлкен жетістікке жеткізуі мүмкін. Мықтылардың қатарында болуға тырысыңыз. Артық уайымға салынбаңыз және өзіңізге сеніңіз. «Өзіңе сен, өзінді алып шығар, еңбегің мен ақылың екі жақтап...» – дегендей, адамды тек білімі мен табанды еңбегі ғана алып шығады, – дейді ол.

Табандылықтың жемісі

Алтынайдың ҰБТ-дағы жетістігін Тәкей Есетов атындағы №264 мектеп-лицейдегі ұстаздары да жоғары бағалайды. Сынып жетекшісі Гүлсамал Шынтасованың айтуынша, жас түлектің бойындағы басты қасиеті – еңбекқорлық, жауапкершілік және мақсатқа деген табандылық.

– Алтынай – өте тәрбиелі, ақылды, еңбекқор, пысық әрі жауапкершілігі мол оқушы. Алдына мақсат қойса, қандай кедергілер кездессе де, соның бәрінен өтуге талпынды. Оның жоғары нәтиже көрсетуінің сыры – «ҰБТ-да жоғары балл алу – менің міндетім, мақсатым» деп өзіне талап қоюында. Алтынай осы жауапкершілікті сезініп, оқудан бас алмады. Өзге балалар сияқты ойын-сауыққа, отырыстарға көңіл бөлмей, бәрінен бас тартып, тек сабақ оқыды. Өз мақсатына жету үшін ұйқысыз түндер, жауапкершілік, табандылық пен ізденіс керек екенін түсінді. Өр кезеңнен сәтті өтіп отырды. Соның арқасында жоғары нәтижеге жетті, – дейді жетекшісі.

Алтынайдың жетістігі – өзі білім алған мектеп үшін де үлкен абайры. Жетекшісі бұл мектепте бұған дейін де ҰБТ-дан жоғары нәтиже көрсеткен оқушылар болғанын атап өтті.

– Кейбіреулер «жекеменшік мектепке ауыстырамыз, қарапайым мектепте білім болмайды» деп ойлайды. Алайда №264 мектеп-лицейде жоғары балл алатын оқушылар көп. Менің өз сыныбымда Алтынаймен бірге 128, 129 балл алған оқушылар бар. Өткен жылы бір оқушым 136 балл жинады. Яғни қарапайым мектепте оқып та осындай үлкен нәтижеге жетеуі болады. Ол үшін балының мектепте де, үйде де дайындығы болуы керек. Біріншіден, ата-ананың қолдауы мен жағдай жасауы міндетті түрде қажет. Екіншіден, мектептегі ұстаздар берген ақпаратты, тапсырмаларды жүйелі түрде, жоспармен орындап отырса, бала соның бәрін бойына сіңірсе, нәтиже болады. Алтынай тек мектептегі дайындықпен шектелген жоқ. Қосымша онлайн курстарға да қатысты. Мектептегі мұғалімдерден де жақсы білім алды. География пәні бойынша олимпиадаларға қатысып, жүлделі орындар алып жүрді. Алтынай әрдайым алда болды, – дейді сынып жетекшісі.

Гүлсамал Шынтасованың айтуынша, ҰБТ-ға дайындықты соңғы сыныпқа қалдырмай, ертерек бастау керек.

– «Бақ шаба ма, бап шаба ма?» демекші, дайындықсыз мұндай жетістікке жету мүмкін емес. Дайындық міндетті түрде керек. Ол тек 11-сыныпта емес, 9-сыныпты бітіргеннен кейін-ақ бала ҰБТ-ның қаншалықты маңызды екенін түсініп, жауапкершілікті сезінуі тиіс. Алдында үлкен сынақ тұрғанын, оған жалғыз өзі емес, ата-анасы, ұстазы, мектебі үміт артатынын түсінуі керек. Соны сезінгенде ғана бала жетістікке жетеді. Алтынайдың бұл жетістігі – үлкен дайындықтың нәтижесі, – дейді ол.

Балалар мен жасөспірімдерге интернет кеңістігінен төнетін қауіп әлемдегі көп елді алаңдатуда. Бірқатар елде 16 жасқа толмаған балалардың әлеуметтік желіні пайдалануына тыйым салып, заң деңгейінде бақылауға алынған. Елімізде де цифрлы платформалардан жеткіншектерді қорғау – басты назарда. Бұл мәселеге Мемлекет басшысы да үнемі алаңдаушылық білдіріп келеді. Ұлттық құрылтай отырысында ел Президенті цифрлық кеңістіктегі бақылаусыздық ұлт болашағына қауіп төндіретінін атап айтты. Мемлекет басшысының сөзіне сүйенсек, бүгінде балалардың санасы мен дүниетанымының қалыптасуына әлеуметтік желілер мен интернеттің ықпалы зор. Сондықтан өскелең ұрпақты зиянды ақпараттан, жат идеологиядан, агрессия мен жалған құндылықтардан қорғау – мемлекет алдындағы маңызды міндеттердің бірі.

Осыған байланысты Мемлекет басшысы Үкіметке балалардың цифрлық ортадағы қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында нақты шараларды қабылдауды тапсырған еді. Бүгінде балалардың жеке деректерін өңдейтін цифрлық платформаларға қойылатын талаптар күшейтілуде. Бұл шаралар ата-аналарға балаларының интернеттегі қауіпсіздігін тиімді бақылауға мүмкіндік беріп, олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес қолайлы әрі қауіпсіз цифрлық орта қалыптастыруға бағытталған.

ЮНИСЕФ-тің Қазақстандағы зерттеуіне сәйкес, елімізде 6 миллион 900 мыңға жуық бала бар. Балалардың 46 пайызы интернетті 5 жасынан бастап пайдаланады. Зерттеу барысында мамандар жасөспірімдердің интернеттегі қауіп-қатерге қаншалықты жиі тап болатынын анықтаған. Сауалнамаға мыңнан астам жасөспірім қатысқан. Олардың 21 пайызы буллингке ұшырағанын айтса, 10 пайызы интернет арқылы бейтаныс адамдармен танысып, кездескенін және бұл туралы қамқоршысына хабарламағанын жеткізген. Ал 7 пайызы өздеріне қауіпті фото және бейнематериалдар келгенін айтқан.

Мәдениет және ақпарат министрлігінің ресми деректеріне сүйенсек, жыл басынан бері әлеуметтік желілер мен онлайн-платформаларда балаларға қауіпті әрі зансыз 27 мыңнан астам құқық бұзушылық анықталған. Олардың қатарында онлайн-казино, есірткі мен құмар ойындарды насихаттау, суицид пен зорлық-зомбылықты насихаттайтын, сондай-ақ балалардың денсаулығына зиян келтіруі мүмкін ақпараттар бар.

Балалардың интернетті 5-8 жас аралығынан бастап белсенді қолдана бастауы цифрлық қауіпсіздік мәселесінің өзектілігін арттырып отыр. Сарапшылардың пікірінше, технология дамып, балалардың интернетте отыруы мұндай қауіптердің де арта түсуі мүмкін.

Зерттеулерге сүйенсек, жеткіншектердің бір бөлігі интернетте бейтаныс адамдармен сөйлесіп қана қоймай, олармен шынайы өмірде кездесуге де дайын. Бұл – балалардың цифрлық ортадағы қауіпсіздігіне ерекше көңіл бөлудің қажеттігін көрсетеді.

Қатаң бақылау қажеттілігі

Балалар психологы Гүлдана Бабаомарованың пікірінше, қоғам тарапынан жасөспірімдер мен жастарды қалдағалау шараларын әлі де болса күшейту қажет.

Басы 1-бетте

Күріш – Сыр өңірінің басты дақылдарының бірі. Ал оны өңдеу барысында қалатын қауыздың қоршаған ортаға әсерін азайтып, қайта қолға жарату – бүгінде өзекті мәселелердің қатарында. Осы бағытта жас зерттеушілер күріш қауызынан белсендірілген көмір, таза кремний диоксиді, целлюлоза, биокөмір, терра-прегта және күріш қауызының экстрактынан моноглицеридтер алу бойынша жұмыстар жүргізуде.

ҒЫЛЫМҒА ҰМТЫЛҒАН БЕКЖАН

– Зертханамыздағы ғылыми жұмыстар профессор Нұрбол Аппазов және Нұрғали Ақылбековтің жетекшілігімен жүзеге асырылады. Ұжыммыздың ғылыми жарияланым белсенділігі де жоғары. Мен де осы бағыттағы жұмыстарға атсалысып, зерттеу нәтижелері бойынша Scopus базасына кіретін халықаралық ғылыми журналдарда және «Қазақстанның химия журналы» басылымында бірнеше мақала жарияладым, – дейді Бекжан.

– «Бүгінде әлеуметтік желі баланың күнделікті өмірінің ажырамас бөлігіне айналды. Ақпарат іздеу, білім алу, достарымен қарым-қатынас жасау, шығармашылықпен айналысу – мұның барлығы цифрлық кеңістік арқылы жүзеге асады. Алайда әлеуметтік желіні шектен тыс әрі бақылаусыз пайдалану баланың денсаулығы мен психологиялық жағдайына кері әсер етуі мүмкін. Ата-аналардан жиі еститін мәселенің бірі – баланың түнге дейін телефоннан ажырамауы. Кейбір жасөспірімдер түнгі сағат 2-3-ке дейін әлеуметтік желі қарап отырады. Мұндай әдет еңалдымен баланың ұйқысын бұзады. Ұйқысы қанбаған бала ашушаң болып, эмоционалдық тұрғыдан тұрақсыздық танытуы мүмкін. Бұл оның сабақ үлгеріміне, мұғалімдерімен және достарымен қарым-қатынасына әсер етеді. Сонымен қатар баланың қызығушылығы төмендеп, көңіл күйі өзгеруі ықтимал, – деп атап өтті психолог.



Маманның айтуынша, мәселе әлеуметтік желінің өзінде емес, оны қалай және қаншалықты пайдалануда.

– Әлеуметтік желінің өзі қауіпті емес. Өйткені одан балалар да, ересектер де қажетті ақпарат алады, шығармашылық мүмкіндіктерін дамытады. Негізгі мәселе – оны қалай және қанша уақыт пайдалану. Бұл жерде ата-ананың бақылауы маңызды. Баладан телефонды 100 пайыз алып қоюға болмайды. Әлеуметтік желіні қолдануға рұқсат берген жөн, бірақ оны сапалы әрі өзіне зиян келмейтіндей пайдалануды ұйымдастыру қажет, – дейді психолог.

Психолог атап өткендей, цифрлық кеңістіктегі тағы бір өзекті мәселе – баланың өзін өзгелермен салыстыруы. Әлеуметтік желіде адамдар көбіне өмірінің ең әдемі сәттерін ғана көрсетеді. Бірі жетістігін жарияласа, енді бірі сыртқы келбетін, саяхатын, қымбат заттарын немесе басқа да мүмкіндіктерін көрсетеді.

– Балаларға әлеуметтік желіде көрсетілген нәрсенің барлығы шынайы өмірдің толық көрінісі емес екенін түсіндіру керек. Әр адамның өз ерекшелігі, өз қиындығы бар. Баланың құндылығы лайк пен қаралым санына байланысты емес екенін үнемі айтып отырған жөн, – дейді маман.

Оның айтуынша, цифрлық әлемнен баланы толықтай оқшаулау бүгінгі таңда мүмкін де, тиімді де емес. Әлеуметтік желінің білім алуға, шығармашылыққа және өзін дамытуға берер мүмкіндігі көп. Сондықтан ата-ананың басты міндеті – телефонды баладан тартып алу емес, оны дұрыс пайдаланудың мәдениетін қалыптастыру.

– Балаға уақытты басқаруды, интернеттегі ақпаратты саралауды, жалған мен шынайыны ажыратуды, өзгенің өмірімен өзін салыстырмауды үйрету қажет. Ең бастысы – ата-ана баланың цифрлық өміріне бақылаушы емес, бағыт беруші ретінде араласуы керек. Өйткені қауіпсіз интернет ортасы тек тыйыммен емес, сенім, келісім және дұрыс тәрбие арқылы қалыптасады, – дейді маман.

Маман әлеуметтік желіге тәуелділіктің бірнеше белгісін де атап өтті.

Біріншіден, бала телефонды қолынан тастамай, қайта-қайта әлеуметтік желіге кіргісі келе береді. Екіншіден, телефон қолданған кезде айналасындағы адамдардың сөзін естімей, өзіне жасалған ескертулерге назар аудармауы мүмкін. Сондай-ақ алдын ала келісілген уақытта телефонды өз еркімен қою алмау да маңызды белгі. «Қазір қоямын» деп бірнеше рет кейінге қалдыру – баланың өз әрекетін бақылауы

қиындағанын көрсетуі мүмкін. Ал ата-анасы телефонды алып қойған кезде баланың қатты ашулануы, агрессия көрсетуі немесе мазасыздануы да назар аударуды қажет етеді. Бұған қоса, бас, мойын, желке және арқа ауруы, ұйқының бұзылуы, сабақ үлгерімінің төмендеуі, тібеттің өзгеруі сияқты физиологиялық және құделікті өмірдегі өзгерістер де гаджетті шамадан тыс пайдаланудың салдары болуы ықтимал.

Психолог маман ата-анадан телефонды жасырып пайдалану әрекетіне назар аударуға кеңес береді.

Көпбейінді облыстық балалар ауруханасының логопед маманы Арайлым Шымпатқызының айтуынша, телефонды еркінен тыс қолдану баланың кеш сөйлеуіне тіпті, психологиялық денсаулығына кері әсер етеді. Мәселен, логопед маманының сөзіне сүйенсек, бүлдірішдерді көп жағдайда когнитивті функциясының, тілінің кеш шығуы мазалайды. Мұның салдары гаджетті шамадан тыс пайдаланумен байланысты екені белгілі.

– Бүгінде баланың тағдырына бейжай қарайтын ата-аналар көп. Сәбилер 8-9 айлығынан бастап телефонға телміріп, анимация көріп жүр. Яғни, ата-ана мен бала коммуникациядан алыстап барады. Соның кері әсері енді дамитын балаға әсер етіп отыр. яғни, телефонға байланып, адаммен кері байланыс жасамайды. Салдарынан атын естімей отыра береді, сөйлеуі кешіге бастайды. Мәселен, балаға 3 жасқа дейін мүлдем телефон беруге болмайды, – дейді ол.

– Қызылорда облысы – еліміздегі күріш шаруашылығы жақсы дамыған өңірлердің бірі. Сондықтан күріш өндірісінен қалатын қауызды жай ғана қалдық ретінде емес, пайдалы шикізат көзі ретінде қарастырудың маңызы зор. Күріш қауызының құрамында бағалы компоненттер бар және оны дұрыс өңдеу арқылы әртүрлі функционалды материалдар алуға болады. Біз үшін ғылыми нәтижемен қатар, зерттеудің болашақта нақты өндіріске пайдасын тигізуі де маңызды, – дейді жас зерттеуші.

Бекжанның алдағы жоспары да ауқымды. Ол ғылым саласында кәсіби тұрғыда дамып, халықаралық ғылыми жобаларға қатысуды, шетелдік зерттеушілермен тәжірибе алмасуды мақсат етеді.

– Ғылым бір адамның еңбегімен ғана жасалмайды. Сондықтан тобымызбен бірге үлкен нәтижеге жетіп, зерттеулерімізді халықаралық деңгейге шығарғымыз келеді. Болашақта қоғамға, экологияға және өндіріске нақты пайдасы тигетін, әлемді жақсы жаққа өзгертуге аз да болса үлес қосатын жобалардың бір бөлігі болғым келеді, – дейді ол.

Бетті дайындаған
Айтолқын БАТЫРБАЙҚЫЗЫ

Меншік иесі:

СЫР МЕДИА
жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:

Бас редактор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А, Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.

«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Аттасына 2 рет, сөйсенбі, сенбі күндері шығады.

Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASi» баспа үйі ЖДС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.

Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 3326 Тапсырыс №1356

Номердің кезекші редакторы Жарасқан ҚУАНЫШБАЙҰЛЫ